

## Герман кредиті есебіне сатып алынған техника, жабдық, босалқы бөлшектер жөніндегі берешекті беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 наурыз N 307

"Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта ұйымдастыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 тамыздағы N 1081 P951081\_ қаулысын орындау мақсатында "Кең дала" акционерлік компаниясының құрамына кірмейтін ұйымдарға берешекті беру мәселелерін шешу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Герман кредиті есебіне сатып алынған "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясының техника, жабдық, босалқы бөлшектер жөніндегі берешегі, қосымшаға сәйкес, тізбедегі ұйымдардың балансына берілсін.

2. Қосымшада көрсетілген ұйымдар 1996-1998 жылдар ішінде республикалық бюджетке өздері пайдаланған кредиттің бір бөлігін валютамен немесе қайтару сәтіндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен бағамы бойынша теңгемен дер кезінде аударуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы  
13 наурыздағы  
N 307 қаулысына  
қосымша

Германия Федеративтік Республикасы берген кредит

бойынша берешекті қайтару жөніндегі "Кең дала"  
мемлекеттік акционерлік компаниясы  
ұйымдарының құқықтық мұрагерлерінің  
ТІЗБЕСІ

Неміс маркасымен

1. "Агро-Қамқор" АҚ, Алматы қаласы 1669599,69
2. "Агропром" МТС-1 бойынша МЖӨБ, Өскемен қаласы 3404708,52
3. МТС-тің облыстық базасы, Қызылорда қаласы 187236,60
4. "Кең дала" АҚ, Көкшетау қаласы 1639264,18
5. "Жабдықтаушы" АҚ, Қостанай қаласы 1243329,49
6. Торғай" АҚ, Арқалық қаласы 143379,60
7. "Агротехснаб" ТҚБ, Орал қаласы 1623206,36
8. "Құрал" АҚ, Қарағанды қаласы 287992,63
9. "Павлодарагротехника" АҚ, Павлодар қаласы 682344,95
10. МТС-тің облыстық базасы, Талдықорған қаласы 1293744,34
11. "МТС-тің облыстық базасы" АҚ, Семей қаласы 772628,26
12. "МТС сауда базасы" АҚ, Шымкент қаласы 2217507,34